22629552767

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 12 мамыр № 4360-25-00-2/753 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Т.Қ.Жүсіпов,
сот отырысының хатшысы Ғ.Қуанышбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№ 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.Пернебек
талап қоюшының өкілдері А.З.Абдумашикова, С.Б.Кеңес

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 және № 2 талаптар бойынша

2025 жылғы 8 қаңтарда тараптардың арасында № 7 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі қарай - шарт) жасалған. Осы шарттың талаптарына сәйкес жауапкер емхананы интернет желісімен қатамасыз ету міндетін алған. Шарттың құны 1 699 000 теңгеге айқындалған. Шарттың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес интернеттің жылдамдығы бір нүктеге кемінде 60 Мбит/с болуы тиіс.

Шарттың қолданылу мерзімі оған қол қойған күннен күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады. Шартқа тараптар түпкілікті 2025 жылғы 8 қаңтарда қол қойған. Шарттың орындалу мерзімі ол күшіне енген күннен бастап 2025 жылдың ішінде бір жылдық мерзім белгіленген.

2025 жылғы 11 қаңтардан – 2025 жылғы 3 ақпан аралығында интернет желісінің жылдамдығы азлығына байланысты актілер түзілген, кемшіліктерді

жою бойынша туралы жауапкерге мемлекеттік сатып алудың электрондық порталы арқылы хабарламалар жолданған.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюымен сотқа жүгініп, шарт бойынша жауапкер міндеттемесін тиісінше орындамағанын, емхананың жұмысының басым көпшілігі интернет қолдану арқылы жүзеге асатынын, ал жауапкер орнатқан интернет жылдамдығы сын көтермейтінін, нәтижесінде жағымсыз салдары туындағанын, қажетті мәліметтерді базаға енгізе алмай, пациенттердің наразылығы көп болғанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, 27 184 көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкерден талап қоюға жазбаша нысанда қарсы пікір түскен жоқ.

Талап қоюшының өкілі А.З.Абдумашикова және С.Кеңес талап қоюда көрсетілген уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілдері сот отырысына тиісті түрде хабарланғанына қарамастан қатыспады, қатыса алмау себептерін алдын ала хабарламады және істі өздерінің қатысуынсыз қарау туралы өтінішпен жүгінген жоқ.

Сондықтан сот жауапкер өкілдерінің сот отырысына қатыспау себептерін дәлелсіз деп танып, азаматтық істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК-нің) 196-бабына сәйкес олардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор Э.Пернебек талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№ 1 талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (әрі қарай - Заңның) 8-бабының 4-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК-нің) 272-бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 19.05.2025
Заңды күшіне енген күні: 20.06.2025, судья Жусупов Т. К., 20.06.2025
4360-25-3-6/55

АК-нің 273-бабына сәйкес заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Сотта анықталғандай, талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда көзделген 30 (отыз) күндік мерзім ішінде сотқа жүгінген.

Жауапкердің талап қоюшыға орнатқан интернеттің жылдамдығы бір нүктеге кемінде 60 Мбит/с болуы тиіс болса да, іс жүзінде 1,71, 2,52, 0,59 және өзге де төмен Мбит/с интернет жылдамдығын көрсеткен. Көрсетілген қызмет шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес емес.

Жауапкер орнатқа интернет жылдамдығы нашар болып, онымен жұмыс істеуге мүмкіндік бермеуіне байланысты қосымша «Кар-Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен роутерлер сатып алынып орнатылған.

Сот отырысында куә ретінде айғақ берген программист Д.Рысмаханов және фармацепт М.Дүйсенбаева 2025 жылғы қаңтар айынан бастап интернет жылдамдығы сапасыз екенін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК-нің) 65-бабының 3-бөлігіне сәйкес істің заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуға тиіс мән-жайларының ешқандай басқа дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес.

Алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындағанын растайтын дәлелдемелерді сотқа табыс еткен жоқ, интернеттің жылдамдығы бір нүктеге кемінде 60 Мбит/с болғанын бекітетін мән-жайлар анықталған жоқ.

Сондықтан талап қою қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілуге жатады. Ал талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа жүгінген уақытта мемлекеттік баж төлеуден босатылғанына қарамастан, ол 1 966 теңге мемлекеттік баж сомасын төлеген. Сондықтан жергілікті бюджеттен 1 966 теңге мемлекеттік баж сомасы талап қоюшыға қайтарылуға жатады.

№ 2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3.тармағында шарт орындалмаған, тиісінше орындалмаған жағдайда өнім берушінің тұрақсыздық айыбын төлеуі қарастырылған.

2025 жылғы 8 қаңтардан – 2025 жылғы 3 ақпан аралығында жауапкер төлеуі тиіс тұрақсыздық айыбының сомасы 27 184 теңгені құрайды. Яғни талап қоюшының тұрақсыздық айыбының есебімен сот келіседі.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 19.05.2025
Заңды күшіне енген күні: 20.06.2025, судья Жусупов Т. К., 20.06.2025
4360-25-3-6/55

Сондықтан тұрақсыздық айыбын өндіру талап қоюы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 816 теңге мемлекеттік баж шығыны өндірілуге жатады

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№ 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№ 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның пайдасына 27 184 (жиырма жеті мың бір жүз сексен төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 816 (сегіз жүз он алты) теңге мемлекеттік баж шығыны өндірілсін.

Жауапкер «Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№ 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға жергілікті бюджеттен 2025 жылғы 5 ақпандағы № 142 төлем тапсырмасы бойынша төленген 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы ішінара 1 030 (бір мың отыз) теңгесі, ал 2025 жылғы 5 ақпандағы № 143 төлем тапсырмасы бойынша төленген 120 (бір жүз жиырма) теңге мемлекеттік баж сомасы толық қайтарылсын.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 19.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.06.2025, судья Жусупов Т. К., 20.06.2025

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 19.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.06.2025, судья Жусупов Т. К., 20.06.2025

4360-25-3-6/55